

Бүгін 1 қыркүйек «Білім күнімен» бірге еліміз үшін маңызды күннің бірі – Президенттің халыққа жолдауы болып өтті.

"Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" атты Қазақстан халқына Жолдауында Президентіміз «Әділдік, инклюзивтік және үнемшілдік жаңа экономикалық бағдарымыздың өзегіне айналады. Қазақстанның экономикалық дамуының жаңа парадигмасы еліміздің бәсекелік артықшылықтарын тиімді пайдалануға және өндіріс саласындағы еңбек, капитал, ресурстар, технология сияқты негізгі факторлардың әлеуетін барынша ашуға негізделеді», - деді. Және биылғы Жолдауда айтылған міндеттерді орындаудың нақты мерзімін белгіледі. Сондай-ақ, "Жайлы мектеп" жобасы аясында 400-ге жуық мектеп салынады. Қазір ауылдық жерде 300-ден астам денсаулық сақтау нысаны салынып жатыр. "Ұлттық қор – балаларға" жобасы қолға алынды. Әрине ел болашағы, ұрпақ болашағы үшін жасалынып жатқан игі істер әрдайым игеріле берсе екен дейміз. Жолдауда айтылған айқын мақсаттар жүйелі түрде жүзеге асады деген сенім білдіреміз!